

**"Қазақстан-Қытай" магистральдық газ құбырының "С" желілік бөлігінде талшықты-оптикалық байланыс желісін жүргізу үшін қауымдық сервитут белгілеу туралы**

Жамбыл облысы әкімдігінің 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 293 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 14 қаңтарда № 2897 болып тіркелді

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **КАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес "Қазақстан-Қытай" магистральды құбыр жолының "С" желілік бөлігінде талшықты-оптикалық байланыс желісін жүргізу үшін жер учаскелерін жердің меншік иелері және жер пайдаланушылардан алып қоймай екі жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес "Азиялық Газқұбыры" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі орман алқаптарын орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін орман шаруашылығы алқаптарын алып қоюдан туындаған орман шаруашылығы өндірісіндегі шығасын республикалық бюджеттің кірісіне өтесін.

3. "Жамбыл облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны ресми жариялауға мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне жіберуді;
- 3) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;
- 4) осы қаулыдан туындайтын басқа да шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А.Нұралиевке жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл облысы әкімдігінің  
2015 жылғы "4" желтоқсандағы  
№293 қаулысына 1 қосымша

**"Қазақстан-Қытай" магистральды құбыр жолының "С" желілік бөлігінде талшықты-оптикалық байланыс желісін жүргізу үшін қауымдық сервитут белгіленген жер учаскелерінің экспликациясы**

№	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жалпы көлемі (гектар)	Орман шаруашылық алқаптары (гектар)	Оның ішінде						
				егістік		к ө п жылдық екпелер (гектар)	шабындық (гектар)	жайылым (гектар)	бөгде жер (гектар)	
1	2	3	4	Барлығы (гектар)	суармалы (гектар)					7
1	"Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Меркі ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жері	1,0042	1,0042						1,0042	

Жамбыл облысы әкімдігінің  
2015 жылғы "4" желтоқсандағы  
№ 293 қаулысына 2 қосымша

**"Азиялық Газқұбыры" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне орман алқаптарын орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін орман шаруашылығы алқаптарын алып қоюдан туындаған орман шаруашылығы өндірісіне келтірілген шығасының мөлшері**

№	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің жалпы көлемі (гектар)	Орман шаруашылық алқаптарының түрлері	Орман шаруашылығы өндірісіне келтірілген шығасының құны 1 (гектар), теңге	Барлық орман шаруашылығы өндірісіне келтірілген шығасының құны, теңге
1	2	3	4	5	6
1	"Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Меркі ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жері	1,0042	жайылым	32 937,76	32 937,76

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК